

Қазақстан Республикасында мемлекеттік Орман кадастрын жүргізу тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қараша 1993 ж. N 1198. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.17. N 188 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925 -XII қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы

е т е д і :

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар, орманды иеленушілер жүзеге асырады және республикалық бюджет пен басқа қаражаттар есебінен қаржыландырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті:

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімі бойынша мемлекеттік орман кадастрын жүргізу жөніндегі нұсқама-әдістемелік құжаттарды жасайтын болсын;

Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеттің келісімі бойынша мемлекеттік орман кадастрын жүргізу кезіндегі статистикалық есеп берудің көрсеткіштері мен нысандарының тізбесін айқындасын;

орман қорын ұтымды пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру, оларды сақтау мен қорғау, санды және сапалық өзгерістерді жүйелі бақылау, шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалау және заңды ұйымдар мен жеке адамдарды орман қоры туралы мәліметтермен қамтамасыз ету үшін 1994 жылдан бастап мемлекеттік орман кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға к і р і с с і н .

3. Мемлекеттік орман кадастрының құжаттарын жүргізудің белгіленген тәртібінің, сақталуын бақылау орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдарға және Қазақстан Республикасының бақылауға өз құзыры шегінде арнайы өкілдігі бар басқа органдарына жүктелсін.

4. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізумен байланысты Қазақстан

Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті өз құзыры шегінде шығаратын әдістемелік нұсқаулар мен нұсқамалар барлық орман иелері үшін міндетті болып табылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, басқа министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдарға орман кадастрын жүргізу үшін қажетті ақпаратты риясыз негізде береді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қарашадағы
N 1198 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібі туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік орман кадастры Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес орман қорын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру, ормандарды ұлғайта өсіру, оларды қорғау мен сақтау, сандық және сапалық өзгерістерді жүйелі бақылау және заңды ұйымдар мен жеке адамдарды орман қоры туралы мәліметтермен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

2. Мемлекеттік орман кадастры орман қорының құқылық тәртібі, оны иеленушілерге бөліп беру, орман қорының сандық және сапалық жәй-күйі, ормандарды топтарға және қорғаныш санаттарына бөлу, орман ресурстарын экономикалық бағалау және орман шаруашылығын жүргізу мен шаруашылық қызметі нәтижелерін бағалау үшін қажетті басқа да мәліметтер туралы ақпараттар жүйесін қамтиды.

3. Мемлекеттік орман кадастрын бірыңғай республикалық жүйе бойынша орман орналастыру материалдарының, ормандарды зерттеудің, бір мезгілдік мерзімді мемлекеттік есептеудің және орман қоры туралы мәліметтер жинақталған басқа да құжаттардың негізінде орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органдар жүргізеді.

4. Мемлекеттік орман кадастрының құжаттарын жүргізудің белгіленген тәртібінің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті, оның жергілікті жердегі органдары және өз құзыры шегінде бақылауға арнайы өкілдігі бар Қазақстан Республикасының басқа органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік орман кадастрын құжаттау

5. Мемлекеттік орман кадастры құжаттарын берілген мәліметтердің дұрыстығы және оларды дер кезінде жаңарту үшін жауапкершілік жүктелген (соның ішінде жалға берілген және ұзақ мерзімге пайдалануға берілген тәлімдер бойынша) орман қорының иелері жүргізеді.

6. Мемлекеттік орман қоры кадастры құжаттамаларының құрамына мыналар е н е д і :

а) орман иелері, орман шаруашылығын басқарушы облыстық және мемлекеттік органдар жүргізетін орман кадастрлық кітаптар;

б) орман иеленушілердің, орман шаруашылығын басқарушы облыстық және республикалық органдардың түсіндірме жазбалары қосылған есептері.

7. Орман кадастрлық кітаптарды және есеп берулерді жүргізудің нысаны мен тәртібін Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті бекітеді.

Есеп беруді табыс етудің тәртібі мен мерзімдері

8. Орман қорының жәй-күйінде болған өзгерістер жөніндегі мәліметтерді орман иелері өзгерістер болған төлемдерді нақты куәландыратын тиісті актілер және орман қорының жәй-күйіндегі өзгерістерді көрсететін басқа құжаттар негізінде жыл сайын есеп құжаттарына енгізеді.

9. Орман иелері өздерінің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан есепті жылдың 1 қаңтарына дейінгі орман қорының жәй-күйі жөніндегі мәліметтерді орман кадастрлық кітаптарға жыл сайын енгізеді және 20 қаңтарға дейін белгіленген нысан бойынша есептерді орман шаруашылығын басқарушы облыстық органға тапсырады.

10. Орман шаруашылығын басқарушы облыстық органдар белгіленген нысандағы есептерді жыл сайын жасайды және оларды түсіндірме жазбаларымен облыстар бойынша 1 наурызға дейін орман шаруашылығын басқарушы республикалық органға жолдайды.

11. Орман қоры жерлерінің мөлшері, сапалық жәй-күйі және пайдаланылуы жөніндегі есептер Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің аудандық және облыстық органдарымен келісіледі. Орман кадастрлық кітаптардағы жерлердің көлемдері туралы мәліметтер жер кадастрлық кітаптардағы мәліметтерге сәйкес болуға тиіс.

Орман кадастрын жүргізуді ұйымдастыру

12. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органы :

а) орман иелерін тіркеуді жүргізеді;
б) орман жөніндегі мәліметтерді жүйеге келтіреді, зерттеу мен сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік орман кадастры материалдарын басып шығаруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

в) мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажетті әдістемелік нұсқаулар мен нұсқамаларды жасайды және бекітеді.

13. Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік о р г а н д а р ы :

а) орман орналастыру, ормандардың картографиясы, топырақ, геоботаникалық, топографиялық-геодезиялық тексеру, іздестіру жөніндегі жұмысты және мемлекеттік орман кадастрын жүргізумен байланысты шараларды атқарушы өкімет органдарының қатысуымен ұйымдастырады;

б) ұзақ мерзімді сұраныс пен тұтынуды жүйелі зерделеуді және орман ресурстарының қоры, жәй-күйі мен бағалау туралы жедел ақпаратты жүзеге асырады, мемлекеттік орман кадастрын тұрақты түрде жетілдіруге, оған халық шаруашылық тұтынуының тиісінше туындайтын мәліметтерді енгізуге шаралар қабылдайды.